



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№5 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

**«Сәлем» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамына
сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығы берілген лицензиясынан
айыру туралы**

2019 жылғы 22 ақпан

Алматы қ.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 55-бабы 1-тармағының 1) және 2-3) тармақшаларымен қарастырылған лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар белгіленген мерзімде жойылмағаны және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) сақтамау арқылы көрінген бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 21 ақпандағы № 29 қаулысымен «Сәлем» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандыру ұйымы) «жалпы сақтандыру» саласы бойынша 2018 жылдың 06 қыркүйегінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығы берілген № 2.1.54 лицензиясынан (бұдан әрі – Лицензия) 2019 жылғы 22 ақпаннан бастап айырылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2019 жылғы 21 ақпандағы № 116 бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды, оған Сақтандыру ұйымының барлық басқару органдарының өкілеттіктері өтті. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігі өз қызметін Сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымы 2019 жылдың 22 ақпанынан сақтандыру немесе өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы емес, тізбесін уәкілетті орган айқындайтын операцияларды қоспағанда, қолда бар банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңмен белгіленген тәртіпте Сақтандыру ұйымының қызметін тоқтату туралы (мәжбүрлеп тоқтату) өтінішпен сотқа жүгінеді. Сақтандыру ұйымын Лицензиядан айыру күнінен бастап кредиторлардың Сақтандыру ұйымына талаптары, Сақтандыру ұйымын ұстауға арналған ағымдағы шығындарға қатысты талаптарды қоспағанда, тарату процесінде ғана ұсынылуы мүмкін.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша уақытша әкімшіліктің басшысы Руслан Сапарғалиұлы Нұрахметовқа +7 (727) 356-26-26 және +7 708 722 03 75 телефондары бойынша өтініш жасауға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz